

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№302**

**2015 жылғы 27 наурыз**

**Облыстық мәслихаттың кезекті  
сессиясының күн тәртібі мен  
төрағасы туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының қарауына мына мәселелер ұсынылсын:

1. Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамында қабылданған, салық-бюджеттік саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және 2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы облыс әкімдігінің баяндамасы туралы.

2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуын бақылау қорытындылары туралы Тексеру комиссиясының баяндамасы туралы.

2014 жылғы облыстық бюджеттің атқарылуы туралы есеп бойынша экономика, қаржы және бюджет жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының қорытындысы туралы.

2. «Ақтөбе облысының энергия үнемдеудің 2012-2015 жылдарға арналған Кешенді жоспары туралы» облыстық мәслихаттың 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 114 шешімінің орындалу барысы туралы.

3. Облыстық мәслихаттың өңірлік және салалық даму жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі туралы.

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы болып № 5 Берсиев сайлау округінен депутат Всеволод Анатольевич Щегельский сайлансын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Ғ. ЛАТЫПОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**